

**Ж. АЙМАУЫТОВ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ
САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР МЕН
«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ»
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ҮНДЕСТІГІ**

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Оразахынова Н.А.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы — оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, деңгейлері, өзіндік ерекшеліктері бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы білім алушыларға кез келген пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін меңгертіп, сол пәннің ғылыми тілінде сөйлеуге үйретіп, сауатты, ғылыми стильде жазу дағдысын қалыптастырады.

Төл технологияның бастау көзі – қазақ тілі. Қазақ тілінен бастау алуға түрткі болған Ж.Аймауытовтың төмендегі мына пікірі: *«...Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру емес. Сөз, сөйлем, әңгіме дегеніміз – жазуша не ауызша кісінің өзі айтқан ойы, не басқалардан сөзі арқылы жасайтын ақылымыздағы жасырын ой. Сөз бен ой бірінен-бірі айырмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілту мен тіл жетілту қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес.*

Мұғалім тіл сабағында сөйлеуге, жазуға, оқуға, қысқасы, әңгімеге жаттықтырады екен. Ал, басқа пәндерді оқытқанда не істемек? Физиканы, жағрафияны, тарихты оқыту дегеніміз – осы пәндердің құбылысы туралы әңгіме ету емес пе? Ендеше, тілге төселдіру зой. Есеп үйрету – сан туралы ойлау ғана емес, есеппен айтылған ойды ұғу, ұққанын айта білу зой. Тереңірек қарасақ, әр пәннің ісі баланың ойын қозғау, ойлағанын ауызша, иә жазумен сыртқа шығару. Олай болса, тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық.

(4-том, 306-б.).

«Бір нәрсе туралы адамның саңлау мүшелері неғұрлым жапа-тармағай қызмет етсе, соғұрлым ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір судағы жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңлау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол, дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!) жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!) Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады, сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек».

Ж.Аймауытов (6-том, 213-б.).

Жүсіпбек Аймауытов былай дейді: «Айқын қылып оқыту мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап, ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім біржолата күрөп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін нәрсе. «Оқу инемен құдық қазғандай» деген мақалды еске түсіру керек. Жаңадан берілетін әсер, суреттеу ұғым бұрынғы алған суреттеуге, ұғымға байланбаса баланың миына берік қонбайды. Сондықтан оқуда біртегіс өрлейтін саты болу керек. Әрбір тыңнан берілетін білім бұрынғы білгеннің жалғауы, келесі білімнің бастаушысы сияқты болғаны тиіс. Сатылап оқытудың ескеретін екі жағы бар, бірі – шәкірттің шама-шарқымен есептесу, екіншісі оқу мағлұматтарын дұрыс қолдану. Оқытушының шеберлігі – ойына келген нәрсені білдіру емес, аужайына, жасына, біліміне күшіне қарап сабақ беру. Сондықтан, сауаты ашылған ересек балаға берілетін сабақ пен жаңа оқыған жас балаға берілетін сабақ басқаша болуға тиіс.

Оқыту баланың шамасынан артпасын, кейін де қалмасын, сонда жемісті болады. Оқу мағлұматтары баланың шамасына лайықталып реттелетін болсын. Әр пәннің оңай жері, қиын жері бар, бір мағлұматтың екінші мағлұматқа көмекші болатыны бар. Соған қарай әуелі оңай я көмекші болатын мағлұматтар оқытылып, қиыны, ең бастылары соңынан үйретілу керек. Бір нәрсенің өзімен таныстырмай тұрып, әуелі оның мүшелерімен (неден құралғандығы) таныстырып жаттықтыру керек. Олай етілмесе, соңғы берілетін мағлұматтар орнықсыз, үстірт болып, бала ілгері қарай барғанда, соқыр кісіше қармалап, әр нәрсенің басын шалып кетеді: ол мағлұматты білуге зауқы да соқпайды, мұғалімге сенімі де жойылады. Сондықтан жаңа нәрсемен баланы таныстырады, әуелі бұрынғы білетін нәрсенің мүшелеріне сүйеніп, оның арасындағы байланысын көрсетіп, содан барып білім шығару керек. Оқу заттарының реті, тізбекті болмағы осыдан. (4-том, 319-б.).

Сабақтың өз дәрежесінде сапалы өтуіне Ж.Аймауытов мынадай талап қояды: *«Мұғалім жақсы сабақ беру үшін күн бұрын дайындалу керек, яғни берілмек мағлұматын тексеру, оны қалай ұғындыру шараларын қарастыру, ұғындыруға керекті құралдарын, мысалдарын тыңдап, даярлап алу керек. Алдымен не туралы сөйлемекші екенін білдіру керек. Әңгіме ненің жайынан болмақшы? Мұны тақырып деп айтады. Берілмек мағлұматтың ішкі мазмұны, түпкі ойы тақырыптан мәлім болады. Берілмек мағлұмат арнаулы уақытқа дәл жетсін. Тақырып жабайы, ұғымды, ол туралы мағлұмат сабақ біткенше сөйленіп бітерлік, артық уақыт тілеместік болсын. Тақырып көңілдегідей болу үшін балалардың жалпы мағлұматын, бұл дерек туралы арнаулы білімін мұғалім анық білуі қажет, қысқасы тақырып баланың шамасы келерлік болғаны жөн (4-том, 332-б.).*

Ж.Аймауытов білім сапасының жақсаруы күнделікті өтілетін сабақтағы өтілетін материалдардың мазмұнында тығыз байланыс болуын қажет дей келе, былай дейді: *«Бұрынғы сабақ пен жаңа берілген сабақ арасын жалғастыру керек. Жалғаныс, яки байланыс сыртқы жағынан емес ішкі мазмұны жағынан болуға тиіс. Өткен сабақ пен келесі сабақты байланыстырумен тұрмай, сабақтың оқу курсының басқа бөлімдерімен де байланыстыру керек».* (4-том, 332-б.).

❖ **Бірінші деңгей.** *Бірінші деңгейде* айтылым және жазылым басшылыққа алынады.

❖ **Екінші деңгей.** *Екінші деңгейде* тіл білімі салаларын қысқаша талдау, ауызша толық баяндау. Бұл деңгейде тыңдалымға ерекше мән беріледі. Екінші деңгейден бастап оқушының іс-әрекетіне басымдық беріледі. Мұнда мұғалім бағыттаушы, көмекші қызметін атқарады.

❖ **Үшінші деңгей.** *Үшінші деңгей – ықшамдау принципінмен өрнектеу.* Бұл деңгейдегі көзделген мақсат – оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесінің баюына жол сілтеу.

❖ **Төртінші деңгей. Төртінші деңгей – белгісіздікпен өрнектеу.** Мұнда оқушылар алдыңғы игерген білім, білік дағдыларын жинақтаумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін сауатты меңгеру және өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысы қалыптасады.

❖ **Бесінші деңгей – диалогті талдау.** Бесінші деңгейде оқушылар талдау арқылы аңғарымпаздыққа, жауап беріп тұрған оқушыны мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғасытырып кетуге машықтанады. Талдау үлгілері ауызша орындалады, мұндағы іс-әрекет көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Бұл деңгейде білім алушылар тіл білімі салаларын диалогті тура және кері талдау түрлерін меңгереді.

❖ **Алтыншы деңгей. Жат жазу.** Мақсат – оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімдерін жатқа жаздыру. Сол арқылы әр оқушының теориялық материалды тиянақты меңгергендігін анықтау, орфографиялық, пунктуациялық сауаттылық деңгейінің қаншалықты артқандығына көз жеткізу. Мұнда тапсырма әр оқушыға жеке-жеке беріледі. Оны оқушылар жазбаша орындайды.

❖ **Жетінші деңгей. Уақытқа талдау.** Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. Егер алдыңғы деңгейлерде жұмыс сауатты, тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз нәтижесін береді.

❖ **Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау.** Бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары білімді нақты, қысқа, ақпараттық технологиямен алуды мақсат етеді. Сондықтан мұғалімдерге өмірдің ағымынан қалмай сабағын компьютермен оқытуды жолға қоюы тиіс.

❖ **Тозызыншы деңгей. Тест.** Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест жұмысын ұйымдастыруда дидактикалық шарттар дұрыс орындалып отыру керек. Тестің түрлері көп, оны біздің технологиямыздың талаптарына сәйкес келетін түрін мұғалім өзі таңдайды.

❖ ***Оныншы деңгей.*** Шығармашылық – бұл адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық – адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі дамытуына көмектеседі.

Бұл деңгейге негіз болған Ж.Аймауытовтың мына тұжырымы: ***«...мұғалім машықтанған жұмысын ғана істей білетін жай шебер емес, шығарғыштық қуаты бар өнерпаз екенін ұмытпасын. Адамның жетілуіне де, бойына сіңірген жақсы дағдыларын сақтауына да себеп болатын – еңбек. Талапсыз, еңбексіз ілгері басу жоқ. Ілгері баспаған адам бір орында қалмақ емес, кейін кетпек, өйткені өмір – жарыс».***


Жаңашыл мұғалім

*Ғалым-
мұғалім*

*Әдіскер-
мұғалім*

МҰҒАЛІМ

Зерттеуші-



Ал бүгінгі таңда олар:

Педагог-шебер

Зерттеуші-педагог

Сарапшы-педагог

Мұғалім

Модератор-педагог

**Назар салып
тыңдағандарыңызға
рақмет!**